

Түсінік хат

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің Орта білім берудің (бастауыш) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

3- сыныптардың «Қызықты математика» қосымша курсына аптасына 1 сағаттан, барлығы 34 сағат бөлінген.

«Қызықты математика» қосымша курсының басты мақсаты:

Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

«Қызықты математика» қосымша курсының міндеттері:

- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу, ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

«Қызықты математика» бағдарламасы тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады, күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

Уақыт көлемі, сабақтың жиілігі: «Қызықты математика» қосымша курсы бағдарламасы 34 сағатқа (аптасына 1 сағат) есептеліп құрылған.

Күнтізбелік- тақырыптық жоспар 3-сынып

« Математика күнделікті өмірде »

Аптасына 1 сағат

Жылына 34 сағат

№	Тақырыбы	Сағат саны	Уақыты
1	Сандарды цифрмен жаз	1	03.09.24
2	Өрнек құр, мәнін тап	1	10.09.24
3	Логикалық тапсырмалар	1	17.09.24
4	Бағдарлама бойынша мәнін тап	1	24.09.24
5	Кім жүйрік ?	1	01.10.24
6	Кестені толтыру	1	08.10.24
7	Теңдеу құр және оны шеш	1	15.10.24
8	Теңдік тура болатындай жақша қой	1	22.10.24
9	Көбейту кестесімен теңдеуді шешу	1	05.11.24
10	Сиқырлы төртбұрыштар	1	22.10.24
11	Теңдікті жалғастыр	1	19.11.24
12	Кесте толтыру	1	26.11.24
13	Ауызша есептеу	1	03.12.24
14	Өрнектің мәнін тап	1	10.12.24
15	Құпия сандар	1	17.12.24
16	Өрнек құр, салыстыр	1	24.12.24
17	Жақшасыз өрнектер	1	07.01.25
18	Салыстыру	1	14.01.25
19	6 санына көбейту және бөлу	1	21.01.25
20	Амалдардың орындалу реті	1	28.01.25
21	Сандарды орналастыр	1	04.02.25
22	Бұрыштың түрлері	1	11.02.25
23	Есеп шығару	1	18.02.25
24	Есепті екі тәсілмен шығару	1	25.02.25
25	Өрнек құр және оқы	1	04.03.25
26	8 бен 9 санының кестесі	1	11.03.25
27	10 мен 100 сандарына көбейту және бөлу	1	18.03.25
28	Кім тапқыр ?	1	08.04.25
29	Теңдеуді тексеру	1	15.04.25
30	Көлем	1	22.04.25
31	Дөңгелек сандарды көбейту, бөлу	1	29.04.25
32	Қалдықпен бөлу	1	06.05.25
33	Баған түрде есептеу	1	13.05.25
34	Ойна да, ойла!	1	20.05.25

Барлығы: 34 сағат